

Шет ауданы Көктіңкөлі ауылындағы көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Шет ауданы Көктіңкөлі ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 27 наурыздағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 10 сәуірде № 4690 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік - аумақтық құрылысы туралы" Заңының 7 бабына және 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және 2017 жылғы 06 желтоқсандағы Қарағанды облысы әкімдігінің жанындағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындылары негізінде, сондай-ақ ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көктіңкөлі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Шет ауданы Көктіңкөлі ауылындағы:

"Садовая" көшесі "Ынтымақ" көшесі;

"Новая" көшесі "Бастау" көшесі;

"Транспортная" көшесі "Тәуелсіздік" көшесі;

"Центральная" көшесі "Бірлік" көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көктіңкөлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы А. Елеусизоваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көктіңкөлі ауылдық округінің әкімі

М. Имендинова